
КОНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Е.ЖӨМІРБАЕВ

XV-XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

В статье рассматриваются проблемы по исследованию письменных памятников, которые были написаны в территории Дешт-и Кипчак 15-17 веках.

Bu makalede, 15-17 yy. Deşti Kıpçak bölgesinde yazılan yazılı eserlerin dil üzerine incelenmesi konusundan bahsedilir.

Фалым Р.Сыздықова: «XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулардың тілін арнайы талдай келіп, олардың шығармаларын қазіргі әдеби тілдің алғашқы үлгілері» [1, 65], – деп таниды. Соңдай-ақ бұл кезеңде қызмет еткен тілді «жазба дәуірге дейінгі ауыз әдеби тіл», – деп атайды. Алайда, кейбір зерттеушілер жазба дәуірге дейін қолданылған тілді әдеби тіл деп есептегемейді. Олар белгілі бір тілді «әдеби тіл» деп тану үшін жазудың болуы шарт екенін, яғни «хатқа тұсқен иұқалары жоқ немесе ете аз болған жерде әдеби тіл де жоқ» дегенді кесіп айтады. Зерттеушілердің көшпілігі әдеби тіл үғымы тарихи жағынан құбылмалы деп таниды. Ол жениндегі бір ғана таным-анықтама барлық тілдердің әдеби түрінің даму барысындағы құлті дәуіріне бірдей сай келуі шарт емес. Соңдықтан «кейбір халықтардың жазу дәстүрі тұмаған немесе дамыған, я болмаса бір кезеңдерде жазуы болып, кейін әр түрлі себептерден дамымай қалған дәуірлерінде де әдеби тілі болуы мүмкін» [1, 17] деген пікірлер де айтылып жүр.

Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихына қазақ халқының халық болып, жеке мемлекет (хандық) құру кезінен, XV-XVII ғасырлардағы қазақ халқының мәдени-рухани өмірінде жаңа құрала бастаган халықтық сейлеу тілі мен қазақ халқын құраган ру-тайпалардың әріден келе жатқан ауызша дамыған және қоғамдық үрдіс негізінде әдеби жазба тіл қызмет етті [2, 108].

Ауызша әдеби тілдің арнасы мен үлгілері жазба тілге қарағанда, әлдеқайда кең болып келеді. Бұл екі үлгінің айырмашылығы жасалу, тарапу және сақталу әдісінде болды. Қазақ қауымында қолданылған жазба әдеби тіл көптеген зерттеулерде ескі қазақ әдеби тілі деп аталағы. Қазақ ру-тайпалары дербес мемлекет құрған кезде, яғни XV-XVI ғасырларда жазба дүниelerdің қажеттілігі туды [3, 194]. Кейінгі ғасырларда ұлыс атымен «шағатай тілі» деп аталаған ортаазиялық түркі тілін қазақ қауымы да өз қажетіне жұмсай білгенін тілші-ғалымдардың көшпілігі жалпы түрде айтып еткен болатын. Жалпы «шағатай тілі» терминіне байланысты тіл білімінде накты бір тұрақты пікір жоқ және «шағатай тілі» термині көне өзбек тілінің синонимі ретінде айтылатынын ескерсек, XV-XVII ғасырлардағы жазбалардың тілін шағатайша жазылған деп кесіп айту дұрыс болмайды. Себебі жазбаларда түркі халықтарына (казақ, үйгыр, әзіrbайжан, татар, өзбек және т.б.) жаппай

түсінікті болу мақсатында қолданылған ортаазиялық түркі әдеби тіліне тән орфографиялық белгілер, морфологиялық формалар сақталғанымен де қазақ тілінің элементтері жүйелі түрде қолданылғанын жоққа шыгаруға болмайды.

Қазақ әдеби тілінің даму барысын дәуірлерге бөлү мәселесі жайындағы пікірлер жүйесі біркелкі емес. Өйткені бұл тілдің пайда болу кезеңі мен әрі қарайғы даму бағыты әртүрлі танылыш келгендейтін, оны дәуірлеу мәселесінің біржакты шешімін табу мүмкін де емес. Қазақ әдеби тілінің бастау алар кезі жайлы ғылыми-танымдық пікірлер жиынтығы мынадай:

1. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы 1) ертеден, көне түркі дәуірінен, хундар мемлекеті кезінен басталады (F.Мұсабаев II ғасырдан, (Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев – б.з. д. V ғ.); 2) XVII ғасырлардан (Қ.Жұмалиев, М.Балақаев және т.б.); 3) XIX ғасырдың II жартысынан (Қ.Жубанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, I.Кеңесбаев). Бұл пікірді ұстанушылар XIX ғасырдың II жартысына дейін де қазақ әдеби тілін танытатын үлгілер болды дегенді айтады;

2. Қазақ әдеби тілінің қалыптасуы қазан төңкерісінен кейін басталады (Т.Қордабаев);

3. Қазақтың төл әдеби тілі ауызша дамыған авторлы поэзия түрінде оның халық болып құралған кезеңін, XV-XVI ғасырлардан басталады, ал ескі жазба әдеби тілі XVI-XVII ғасырлардан, жаңа ұлттық жазба әдеби тілі XIX ғасырдың II жартысынан басталады (Р.Сыздықова, Ә.Құрышқанов, Б.Әбілқасымов, Қ.Әміралиев, А.Ысқақов және т.б.) [1, 17]. Қазақ әдеби тілінің әрі қарайғы даму кезеңдері де әр түрлі ұсынышып жүр.

Қазақ тілінің көнелік (ескілік) сипаттары көне (ескі) түркі жазба ескерткіштерінің тілінен айқын байқалады. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына үлкен үлес қосқан рулар мен тайпалардың, ұлыстар мен халықтардың өз заманында қолданған тілдері қазіргі қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуының қайнар көзі болып табылады. Оның біріншісі, алғашқы қазақ хандарының жарлықтары, бір-бірімен және өзге елдермен арадағы қарым-қатынас қағаздары. Өйткені «әрбір қазақ ханы іс-қағаздарын, үкім-жарлықтарын жүргізіп, оны іс жүзеге асыратын, кеңсе хатшылығы қызметін атқаратын үәзір ұстап отырған» [2, 110]. Екіншісі, тарихи шекіре сипатындағы тарихи туындылар. Бұл тарихи туындылардың қатарына Қадырғали Қосымұлы Жалайыридің «Жамиғат-Тауарих», Әбілғазы Баҳадұр ханның «Шежіре-и Түрки» еңбегі, «Әділ сұлтан» эпикалық жыры және Өтеміс қажының «Шыңғыснама» сияқты туындылары жатады. Бұлар жазба нұсқалар болғандықтан, хатқа түсken кезеңдегі жазба дәстүрдің толық сақталып қалғандығымен ерекшеленеді.

Ғалым Б.Әбілқасымов: «Шежіре-и Түркидің» енді бір жерінде автор бұл кітапты жазуда өзінен бүрын жазылған Рапид-ад-Диннің «Жамиғ‘ат Тауарих» атты шекіресіне, соңдай-ақ, басқа да Шыңғыс хан үршақтары тарихы түзілген кітаптарға сүйенгенін айтады [4], – деп көрсетеді. Ол – моңғол, араб, парсы және қалмақ тілдерін де жақсы меңгерген.

Өмірбаев Е.Ж. XV-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштер...

Қазақтың жалайыр руынан шыққан тарихшы, мемлекет қайраткері, XVI ғасырдың екінші жартысы, XVII ғасырдың басында ғұмыр кепкен Қадыргали би Қосымұлының «Жамиғат-Тауарих» (Жылнамалар жинағы) атты еңбегі ортағасырлық түркі жазба мәдениеті үлгілерінің санатына жатады. Әсіресе, ортағасырлық қазақ тарихы мен тілін зерттеуде оның алатын орны ерекше. «Тауарихтың» астарлы ойы, жазу стилі, көркем тіл оның авторының талантты болғанын, өз заманында қазақ қоғамында белгілі би, халықтың жүріп өткен жолын жақсы білген шежіре адам болғандығын билдіреді. Оның шыққан тегі мен өмірбаяны жөніндегі деректерді де осы шежіреден ала аламыз. Жалайыр этномімі тарихи еңбектерде өте жиі кездеседі. Қадыргали би өзі өте жақсы менгерген түркі тілінен басқа, араб, орыс және парсы тілдерін біршама жетік білгендігі байқалады. Осы қасиеттер оған тайшалық одақтан халықтық бірлік жолына түскен қазақ қоғамының алғашқы жылнамашыларының бірі болуға септігін тигізгені сөзсіз [5].

«Әділ сұлтан» эпикалық жыры Ресейдегі Санкт-Петербург университеті ғылыми кітапханасының Шығыс бөлімінде №493 болыш тізімделген қолжазба кітаптың орта ғасырлардағы жыраулар, айтискер және әншілер шығармаларының ана тілімізде тоғастырылған жинағы екені анықталды. Қолжазба 65 параптан немесе 130 беттен тұрады. Қолжазба кітап тақырышсыз, біршін шараптың екінші бетінен бірден жырмен ашылған. Ішкі тақырыштар есебіндегі жырларды тізімдеу сөздері шығармалар мәтіндерін бөліп, қызыл түсті сиямен жазылған [6, 8].

Жырлар сегізінші шарапта аяқталған соң, 8–13-шараптарда тақырыбы көрсетілмей «Әділ сұлтан» эпикалық жыры келтірілген. Бұл жырдың оргағасырлық шығарманың қазақ тоғырағында жасалған жинақтағы нұсқасы – бізге жеткен бірден-бір жыр бөлігі. Шығарма Әділ сұлтан зайдының көрген түсін баяндаумен және оны жорумен ашылыш, Әділ сұлтанның қапаста өмір қызығымен қоштасқан жырымен аяқталады. 14–18-шараптарда «*Фатиха. Қазақ, яғни олар бата дейді*» деген тақырып аты қызыл сиямен жазылып, ағы заман ой-толғанысын сақтаған, әдеби және тарихи түрғыдан өте құнды, көлемді бата үлгісі келтірілген. 19-шараптың алғашқы беті таза қалдырылып, екінші жағынан бастап «Қырғыз-қазақ өлеңлері» дег аталған, негізі түрмистық сарындағы қара өлең, айтис, ән шумақтары, қыз-келіншектер мен бозбала-жігіттердің қайымдасып қалжындаасуы, өлең қағытпалары қолжазбаның соңына дейін жалғастырылған. Үш бөлімнің соңғы екеуі «*тәмәт тәмәм*» сөздерімен түгенделіш отырады. Жырлар XVI-XVII ғасырларда қағаз бетіне түсіп, ауызша таралуымен қатар, жазбаша да тараған деген шікірдеміз. Өйткені, Дешті Қышиқ пен Мауераннар, яғни Қазақстан мен оның түстігіндегі көршілес елдер жерінде XIV-XVI ғасырларда парсы тілінің үлкен ықпалы болғандығы белгілі. Қолжазбада жырларды шарсыша «*ашыр ділтер*», «*ашыр сийум*», «*ашыр чаңарум*», «*ашыр пәнжум*» дег тізбектеп-тақырыштау осы шікірімізді қуаттай түседі. Жырларда нақты уақыт

белгілері сақталған. Жырлардың едәуір бөлігі XVI ғасырға тән екені – айқын [6, 10].

XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында жазылған «Шыңғыснама» қолжазбасы – қазақ халқының ортағасырлық тарихы мен тілін зерттеу тұргысынан үлкен маңызы бар еңбек. Бұл тарихи шығарманы Хорезмдік Әтеміс қажы бен Маулана Мұхаммад Дости жазған. Әтеміс қажы Сырдарияның төменгі ағысындағы Шайбанидтер билеушісі Илбарыс ханың тұсында сарай жазушысы болған.

«Шыңғыснамада» Шыңғыс хан жайлы дастан және Шыңғысхан үрпақтары мен олардың биілік еткен аймақтары туралы мәліметтер, кейір өскери термин сөздерге түсініктемелер берілген [7, 241]. «Шыңғыснаманы» алғаш рет белгілі қазақстандық шығыстанушы В.П.Юдин 1967 жылы Өзбекстанның Фылым Академиясының Шығыстану институтынан тапты, орыс тіліне аударып, шығармадағы тарихи мәтіндердің транскрипциясын жасады. Шығарманың жалғыз нұсқасы сақталған. Қолжазба толық болмаса да, В.П.Юдин осы шығарманың өзіндік ерекшеліктерін басқа жазба ескерткіштерден оқтапа бағалаған.

XVII ғасырдың басында жазылған Қадыргали Жалайыридің «Жамиғат-Тауарих» атты шежіресінің тілін сөз еткен Р.Ф.Сыздықова «оның лексикасының түркі тілі белгінде қышшақ тілі сөздері белгілі орын алды», – деп жазады [8]. Ал негізін қышшақ тілі құрайтын Әблғазының «Түркі Шежіресінде» көне түркі сөздерді едәуір орын алады. Оның басты себебі, сол кезеңде үлт болмаса да, жеке халық болып жіктеле бастаған *өзбек, түрікмен, қазақ* тілдерінде көне түркі тіліндегі байырғы лексикалық көрдің қолданыс аясының әлі де болса шектелмейінде жатса керек.

«Түркі Шежіресі», «Жамиғат-Тауарих», «Шыңғыснама» және «Әділ сұлтан» әшиқалық жыры лексикасының негізі қышшақ тілі лексикасы болғандықтан, ол сөздердің көшілігі қазіргі қазақ тілі сөздерімен бірдей тұлғада, бір мағынада келіп жататынын байқау қыын емес. Әсіресе, қазақ халқының ертедегі тұрмысына, салт-дәстүрлеріне қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің шежірелдердегі қолданылған түрі мен бүгінгі тіліміздегі тұлғасы да, мағынасы да аздаған фонологиялық өзгерістерді есепке алмағанда бірдей түсін жатады.

Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің көшілігінде өзге тілдік қабатты негізінен араб-парсы сөздері құрайды. Араб мәдениетінің ықпалы Орта Азияға тарай бастағаннан кейін алдымен шаруашылық, саудасаттық арқылы араб сөздері жергілікті халықтардың тіліне ене бастады. Содан кейін ел арасында діни ұғымдарға байланысты әртүрлі кітаптар пайда болды. Тәжік, түрікмен, өзбек, қарақалпақ және қазақ даласында діни орталықтар мен медреселер салыныш, фылым салалары оқытыла басталды. Мұның үстінен мәдени, саяси қарым-қатынастар үлгайды. Жергілікті халық өкілдерінен әртүрлі саладағы фылым, мәдениет, әдебиет қайраткерлері шыға

Әмірбаев Е.Ж. XV-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштер...

бастады. Олардың көшпілігі өз шығармаларын араб тілінде жазды немесе араб сөздерін молынан қолданды.

Жазба ескерткіштердегі араб, парсы тілінен енген сөздерге келсек, олар түркі тілдеріне әртүрлі жолдар арқылы енді. Олардың негізгілері төмөнделгідей:

1. Түркі халықтарының көп жылдар бойы тәжік және парсы халықтарымен көршілес отырып, тікелей қарым-қатынас жасауы арқылы;

2. Жазба әдебиет үлгілері және әртүрлі мәдени байланыстар арқылы.

Көне дәуір ескерткіштері сиякты «Түркі Шежіресі» лексикасында да монгол сөздері бар. «Шежіреде» әскери атақ-дәрежемен байланысты монгол тілінде **нойон**, **нөкер**, **башадур**, **мерген** сөздері кездеседі, туыстық атауларға байланысты **әйке**, **ечеке**, **отчигин**, **анды**, **чечен** сөздері ұшырайды [4]. Қадыргалидиң «Жамиғат-Тауарихы» мен Өтеміс қажының «Шыңғыснамасы» монгол империясының тарихына арналғандықтан, монгол сөздері көбінесе, әскери-әкімшілік, туыстық, дәреже атауларының термині ретінде қолданылады.

«Жамиғат-Тауарих», «Түркі Шежіресі», «Шыңғыснама» және «Әділ сұлтан» жырының лексикасын тақырыптық топтарға жіктеп қарастырсақ, олар әрине, әмірдің барлық салаларын қамтиды деуге болады. Дегенмен, солардың ішінде жиі кездесетіндері – **қауымдастық**, **әскери-әкімшілік** белініске, **атақ-дәрежеге**, **соғыс қимылдары** мен **туыстық қатынасқа** байланысты атаулар.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, оның басты себебі – екі шығарманың шежіре жанрында орындалып, Адам атадан бері қарайғы ел билеушілердің аты-жөні мен істеген істерін өсіресе, Шыңғыс хан тұқымынан тараган хандар мен сұлтандардың ел басқару ісін, соғыс-қимылдарын сипаттауға арналуында жатса керек. Әбілғазы өз шығармасында ата-баба тарихын адам баласы жаратылғанинан бастайды. Оның алғашқы кезеңін сөз еткенде бірыңғай кімнен кім туды, кімді орнына қалдырып, қанша патшалық құрды, кіммен соғысты деген сиякты нәрселерді баяндайды. Бұл кезеңдегі әлеуметтік топ **йұрт** «жұрт» түрінде аталады да, оның билеушісі **падша** «патша» терминімен беріледі. Одан бері келе әлеуметтік топ атауларына **нәсіл**, **әулет**, **ұрук**, **ру**, **тайпа**, **жамағат**, **ел**, **халық**, **уәлайят**, **мемлекет** сөздері қолданыла бастаған. Синонимдік қатарда жұмсалған **йұрт** сөзі қауымдастық атауларынан гөрі орналасқан жер, мекен мағынасында қолданылған.

Қадыргали Жалайыридиң «Жамиғат-Тауарих» еңбегінде «ру, тайпа» мағынасында **қауым** сөзі қолданылысты [9]. Ал бұл лексема «Түркі Шежіресінде» кездеспейді. Сондай-ақ, «Жамиғат-Тауарихта» **халық** сөзі көп кездеседі. «қарапайым халық» мағынасында да қазіргі тіліміздегідей **қара халық** сөзі қолданылған.

«Түркі Шежіресінде» лауазым, атақ-дәрежеге байланысты атаулардан кездесетін **хан** сөзі. **Хан** атавы «ел, жүрг билеуші» мағынасында өртедегі Орхон-Енисей жазбаларынан бізге жеткен, **қанан** «ұлы билеуші» сөзінің

бірінші буының қысқаруы арқылы жасалған сөз екені белгілі. Шежіреде *хан* сөзімен қатар *падшах* сөзі де синоним түрінде қолданылған. «Шыңғыснамада» *хан* сөзі жалқы есімдермен тіркесіп келетін титул ретінде қолданылған: *Сайын хан*, *Йочы хан*, т.б. «Тұркі Шежіресіндегі» Демезон нұсқасында *қаан* түрінде кездеседі. *Падшах* – парсы сөзі, «Жамиғат-Тауарихта» «білеуші» мағынасында кеңінен қолданылған.

«Жамиғат-Тауарихта» *сұлтан* сөзі жалқы есімдермен келетін титул ретінде қолданылғанда тек қазақ хандарының өкілдеріне қатысты айтылған: *Жәнібек сұлтан*, *Келімбердің сұлтан* және т.б.

Ортағасырыңқ тарихи жазба ескерткіштерінің ішінде Қадыргалидің «Жамиғат-Тауарих» атты туындысының ерекшелігі – мұндағы әскери жүйеге байланысты сөздердің көбі моңғол сөздері болып келеді. Әбілғазының «Тұркі Шежіресіндегі» туыстыққа байланысты атаулардың негізі: а) көне түркілік, ә) түркі және б) моңғол тілдеріне ортақ сөздер, ал туыстыққа байланысты атауларда: а) көне түркілік сөздермен бірге, ә) моңғол сөздері қолданылған. Өтеміс қажының «Шыңғыснамасында» туыстыққа байланысты атаулардың негізін көне түркілік, түркі және моңғол тілдеріне ортақ сөздер құрайды. «Тұркі Шежіресіндегі» кездесетін бірсыныра көне түркі тілі сөздері мағыналық тұрғыдан өзгеріске ұшыраган, қазіргі қазақ тілінде басқа мағынада қолданылады.

Қазіргі әдеби тілімізде «қарындаш» сөзі ер адам тараҧынан өзінен жасы кіші қызы балаға айтылады, ал «Тұркі Шежіресіндегі» *қарындаш* сөзі «ағайын, тұма, бірге туған бауыр» деген, бұдан кең мағынада қолданылған [4, 64]. «Жамиғат-Тауарихта» *қарындаш* сөзі *туғма* сөзімен қатар қолданылып, әрі «туысқан», әрі «қарындаш» мағынасын береді [8, 166]. «Әділ сұлтан» эпикалық жырында туыстыққа байланысты атаулардан ұшевіғана кездеседі: *ана, қайын ана, қыз* [6, 50]. «Шыңғыснамада» *қарындаш* сөзі «жашы туысқан, ағайын» мағынасында қолданылған [7, 128]. Өтеміс қажының «Шыңғыснамасында» туыстыққа байланысты атаулардың негізін көне түркілік, түркі және моңғол тілдеріне ортақ *нәбәрә, оғлының оғлы* «немере», *қарындаш* «ағайын, туысқан», *ұғыл, әулад* «ұл», *ата* «әке», *ана* «шеше», *зәғифә* «әйел», *қыз* «қызы», *ага* «ага» т.б. сөздер құрайды.

Аталған жазба ескерткіштер тілінің лексикалық негізін қышишақ тобына жататын түркі сөздері құрайды. Кейбір тіркестер беретін мағыналары мен жұмсалатын орындарына қарай қазіргі қазақ тілімен бірдей түседі. Бұл ретте өсіреле, сөздер мен тұлғалы тұрақты тіркестерінің қазіргі қазақ тіліндегі бірдейлігі ете-мете көзге түседі. Олардың бірқатары бұл күнде сол мағынада тек қазақ тілінде жұмсалатындығы – жазба ескерткіштер тілін қазақ тіліне жақыннататын, яғни оны қазақтың ескі жазба тілі деп танытатын белгілердің бірі деп есептейміз.

Өмірбаев Е.Ж. XV-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштер...

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы, 1993.
2. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы, 1996.
3. Энциклопедия. Қазақ тілі. –Алматы, 1998.
4. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханының Түркі Шежіресі және оның тілі. –Алматы, 2001.
5. Сыздықова Р., Койгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның Жылнамалар Жинағы. –Алматы, 1991.
6. Исин А.И. Әділ сұлтандырылған эпикалық жыры. –Алматы, 2001.
7. Утемиши-хаджи Чингизнаме. –Алматы, 1992.
8. Сыздықова Р. Г. Язық Жами‘ат-Таярих Жалайри. –Алма-Ата, 1989.

REZUME

E.J.OMIRBAEV (Turkistan)
LANGUAGE INVESTIGATIONS OF THE HAND SCRIPT MONUMENT IN THE
15TH AND 17TH CENTURIES

This article deals with the problems of hand script monument investigations which were written in the district of Desht-i Kypchak, in the 15th and 17th centuries.